




Біз мектепке барамыз




Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы
Адамның адамшылдығы – ақыл,
Ғылым, жақсы ата, жақсы ана,
Жақсы кұрбы, жақсы ұстаздан болады.

Абай Құнанбаев

Баланы жанұяда мектепке адамгершілік – ерік тұрғысынан дайындау.

Мектепке бару – бала өміріндегі маңызды оқиға. Мектепте оқу – баладан дайындықты талап ететін қиын еңбек. Өз мінез – құлқын басқару, оны негізгі мектеп ережелерге бағындыру, өзін қоршағандардың ойымен келісу, кездескен қиындықтарды жеңу – міне, бұл мектептің болашақ бірінші сынып оқушысына қоятын талаптарының кейбіреулері.

Осы талаптарды орындау үшін ол ұйымшылдық, өз бетімен жұмыс істей алу, табандылық, тәртіптілік сияқты адамгершілік – еріктік қасиеттерін иемделуі қажет. Балаңыздың әр түрлі жағдайлардағы іс – әрекетін бақылай отырып, осы қасиеттердің жеткілікті тәрбиеленгенін анықтаңыз.



Қасиеттердің сипаттамасы:

Ұйымдасқандық:

(Өзіне – өзі қойған немесе үлкендердің қойған мақсатқа жете білуі, оған өз іс – әрекетінде бағынуы; Өз жұмысын және жолдастарының жұмысын әділетті бағалай білуі, жетіспеушілікті таба білуі)

Жауапкершілік:

(Кездескен қиындықтар мен кедергілерді жеңе білуі, егер сәтсіз орындалса, қайта жасай білуі, тиімді тәсілдерді іздестіруі; Жұмыс нәтижесін бағалай білуі)

Өз бетімен

жұмыс істеу:

(Тапсырманы қуана орындау; Үлкендердің тарапынан бақылау болмаған жағдайда тапсырманы орындау; Қиындықтарды жеңіп, нәтижеге жете алуы; Өз бетімен орындаған жұмысына қанағаттануы)

Тәртіптілік:

(Үлкендердің талаптарын, тапсырмаларын және өз міндеттерін, қуана әрі уақытылы орындауы; Тәртіп талаптарына қайшы келетін қадам жасамауда өзін – өзі ұстауы)

Табандылық:

(Алға қойған мақсатқа жету үшін, ұзақ уақыт бойы күш жігерін жұмсай алуы, мақсатқа жетуі; Қиындықтар мен кедергілерді жеңе білуі; Бастаған істі аяқтау)

“Балалар өмір сүруді өмірден үйренеді”

Егер:

Баланы үнемі сынай берсе,

ол жек көруді үйренеді .

Баланы мұқата берсе,

ол тұйық болуды үйренеді .

Баланы мақтаса,

ол игілікті болып үйренеді.

Баланы қолдаса,

ол өзін бағалауды үйренеді.

Баланы жазғыра берсе,

ол кінәлі болып өмір сүруге үйренеді .

“Балалар өмір сүруді өмірден үйренеді”

Егер:

Бала шыдамдылықта өссе,

басқаларды түсінуге тырысып үйренеді .

Бала адалдықта өссе,

әділетті болуға үйренеді .

Бала қауіпсіздікте өссе,

адамдарға сенуді үйренеді .

Бала қастастықта өссе,

басқыншыл болып үйренеді .

Бала түсіністік пен жылы шырайлы ахуалда өссе,

ол осы өмірде махаббатты табуға үйренеді .

Құметті ата-ана!!!

**Бала – біздің өміріміздің ең үлкен құндылығы.
Оны түсінуге, оны тани білуге, оны сыйлай білуге тырысыңыз. Оның күнделікті мінез-құлық сызығында тәрбиелеудің ең тиімді тәсілдерін ұстаныңыз.**

Балаларымыздан жүрек жылуы, сүйіспеншік, мейірімділік, қамқорлығымызды және бала мейірін өсіретін жылы сөзімізді айта жүрейік!!!

**ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**

